



BAITEREK



ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП



ШЫҒАРЫЛЫМ №11

2018



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІ



BAITEREK



DAMU
КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ

**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ
АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ
ДАМУ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

ШЫҒАРЫЛЫМ №11

2018

«Қазақстан және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» кітабын әзірлеуші «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ



Бурибаева Г., Сәрсекеев Ф., Керімбеков Ә., Әмреев Т.
«Қазақстан және оның аймақтарындағы шағын
және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп».
Алматы, 2019 г., №11 шығарылым. 124 бет.

«Қазақстан және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» кітабын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ («Даму» Қоры) авторлар ұжымы әзірледі. Есепте Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерлігі (ШОК) секторын дамыту жағдайы мен қарқыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілген. Есептің бірінші бөлімінде салалық және аймақтық тұрғыдан ШОК-ті кешенді жалпы республикалық талдау ұсынылған. Жеке бөлімі кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша «Даму» Қорының қызмет нәтижелерін қамтиды. Есепті «Даму» Қорының 2019 жылдың соңына дейінгі Қазақстандағы ШОК ары қарай дамыту бойынша жоспарлары туралы бөлім аяқтайды.

Барлық материалдар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және «Даму» Қорының өзекті статистикалық деректеріне негізделді. Кітап оны түсінуге қолайлы ететін кестелер, суреттер мен диаграммалар түріндегі статистикалық деректермен көркемделді. Үкіметтік органдарға, жергілікті атқарушы билік органдарына, жоғары оқу орындарына, қоғамдық ұйымдар мен бизнес құрылымдарға ұсынылады.

© Осы кітаптағы барлық деректер (мәтіндік ақпарат пен графикалық суреттер) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жеке меншігі болып табылады.

ISBN 978-601-7059-99-6

МАЗМҰНЫ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі.....	4
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымының үндеуі.....	6
1. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайы мен даму қарқынының мониторингі.....	8
2. Қазақстанның аймақтарында ШОК даму көрсеткіштерін салыстыру.....	14
3. Қазақстан Республикасының аймақтарында ШОК субъектілерінің дамуын талдау.....	22
4. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижелері.....	88
5. Шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің жаңа құралдары.....	120

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**2018 ЖЫЛДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ
БОЙЫНША АЛДЫН
АЛА ДЕРЕКТЕРГЕ
СӘЙКЕС ШАҒЫН ЖӘНЕ
ОРТА БИЗНЕСТІҢ
ЕЛДІҢ ІЖӨ-ДЕГІ ҮЛЕСІ
28%-ДАН АСТЫ**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) 2018 жылы кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын жүзеге асыру барысын сәтті жалғастырды және бизнес-процестерді басқарудың жоғарғы деңгейін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2050 жылға қарай ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің экономикалық үлесін 50% дейін жеткізу стратегиялық міндетін қойды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2025 жылға қарай 35-40% болатын орта мерзімді перспективаны анықтады.

Біз қолда бар әлеуеттің осы міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. 2018 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала деректерге сәйкес шағын және орта бизнестің елдің ІЖӨ-дегі үлесінің 28%-дан асқанын және жалпы құны 26,5 трлн теңгенің өнімі шығарылғанын айтсақ та жеткілікті.

Оған қоса, шағын және орта кәсіпкерліктің (1,2 млн) жұмыс істейтін субъектілері 3,2 млн адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр, ол елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың 37%-ын құрайды.

Қазақстандағы кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың тиімді құралдарының бірі – бизнесті қолдау мен дамытудың «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы. Осы бағдарлама аясында кәсіпкерлер несиелер/лизинг мәмілелері, несиелерді бөлшектеп кепілдендіру, бизнес жүргізуге сервистік қолдау көрсету бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қолдау ала алады.

Еңбек ресурстарының біліктілігін арттыру, бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту және жұмысы бар және жұмыссыз тұрғындарды еңбекке тарту аясында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда, соның арқасында кәсіпкерлер жеңілдетілген жағдайда қаржы ала алады.

БҮГІНГІ КҮНІ БҮКІЛӘЛЕМДІК БАНКТИҢ «DOING BUSINESS» РЕЙТИНГІСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН БИЗНЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖЕҢІЛДІК ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША 190 МЕМЛЕКЕТТИҢ ІШІНДЕ 28 ОРЫНҒА ШЫҚТЫ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖҰМЫС
ІСТЕЙТІН СУБЪЕКТИЛЕРІ

3,2

МЛН АДАМДЫ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТІП ОТЫР

Тұрғындардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру және ағымдағы бағдарламаларға сәйкес тұрғын үй мәселелерін интеграциялау үшін тұрғын үй құрылысын ынталандырудың жаңа тәсілдерін енгізуді қарастыратын «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жалғасып жатыр.

БҰҰ Даму бағдарламасы, Жаһандық Экологиялық Қор мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлескен «Төмен көміртекті дамуға арналған орнықты қалалар» жобасын жүзеге асыру аясында қуатты үнемдеу саласының инвестициялық жобаларын қаржыландыруды қарастыратын механизм әзірленген.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына сәйкес жүйе құраушы кәсіпорындарды цифрландыру, Қордың бизнес-процестерін автоматтандыру және шағын

және орта бизнестің мемлекеттік қолдау шараларын цифрландыру бойынша белгілі жұмыстар жүргізілді.

Елде жүргізілген бизнес-ахуалды жақсарту жөніндегі шараларға халықаралық сарапшылар оңтайлы баға беруде. Бүгінгі күні Бүкіләлемдік банктің «Doing Business» рейтингінде Қазақстан бизнес жүргізудің жеңілдік деңгейі бойынша 190 мемлекеттің ішінде 28-орынға шықты. 2017 жылмен салыстырғанда Қазақстан 8 позицияға көтеріліп (36-орыннан), Швейцария, Ресей Федерациясы, Франция, Қытай, Жапония және басқа да мемлекеттерді басып озды.

Қор халықаралық тәжірибелерді ойдағыдай қолдану мақсатымен шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытудың халықаралық тәжірибелерін зерттеуге ерекше көңіл бөледі. Қор қызметкер-

лерінің өкілеттілігін жетілдіру жөніндегі механизмдердің бірі – қызметкерлерді шетелге тәжірибе алмасуға жіберу. Осы мақсатта Қор корейлік KOSME, поляктың PARP, түріктің KOSGEB және бизнеске қолдау көрсететін басқа да жетекші шетелдік ұйымдармен келісімге қол жеткізді.

Қордың алдына қойылған шағын және орта бизнеске қаржылық және ақпараттық қолдау көрсетуді кеңейту бойынша маңызды міндеттер Қазақстандағы мықты кәсіпкерлік сектордың одан әрі тұрақтануына ықпал ететініне сенімдімін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары,
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі,
«Даму» кәсіпкерлікті
дамыту қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Смаилов А.А.

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өткен 2018 жыл отандық кәсіпкерлікті кешенді қолдауға, бизнес жүргізу мен инвестициялауға қолайлы ахуал қалыптастыруға бағытталған маңызды оқиғаларға толы болды.

Екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдары арқылы мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қолжетімдікті қамтамасыз ететін, микро және шағын кәсіпкерлікті дамытуға несиелер беру барысын жеделдетуге сеп болатын құралдарды жетілдіру-Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі.

Осы мақсатта біз несиелер бойынша еркін мөлшерлемелер енгізуге, жобаларды қарастыру мерзімін қысқартуға және өңірлік үйлестіру кеңестерінің қатысуынсыз шағын жобаларды қарастыру құқығын беруге көмектесетін қолдау бағдарламасының шарттарын жақсарттық.

Оған қоса, несиелеу өтінімдерін қарастырудың бірыңғай стандарттары енгізіліп, несиелеу процестерін ұйымдастыру және қажетті құжаттар топтамасын жинау үрдістері оңтайландырылды. Шағын және орта бизнесті қолдаудың шет елдерде сәтті жүзеге асырылған жаңа тәсілдерін енгізу бойынша жұмыстар атқарылды. Олар қазақстандық бизнес үшін сыртқы нарықта қосымша мүмкіндік ашады.

Қор көрсететін мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру кәсіпкерлер үшін өтінімдері бойынша шешімдер қабылдау процесінің ашық болуына мүмкіндік беріп, қызметтің қолжетімдігін арттырды, қызмет көрсету мен құжат жинау мерзімін қысқартты. 2018 жылы 22 мыңнан астам кәсіпкер Қор бағдарламалары бойынша 536,8 млрд теңгенің қаржылай қолдауын алды. Жалпы мөлшері 65 млрд теңге болатын несиелер екі мыңдай кепілдік берді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе көп.

2018 жылы Қор Үкіметтің электронды порталындағы басқа да қызметтерді кейін орналастыру мүмкіндігімен автоматтандыру жұмыстарын жүргізді. Оның арқасында, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында кепілдік алуға өтінім беруге мүмкіндік туды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша, бағдарлама жүзеге асырыла бастағалы бері 1 764 несиелер алушыға 19,3 млрд теңге қаржы берілген.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы аясында несиелер құны 198,4 млрд теңге болатын 1470 жобаның сыйақы мөлшерлемесі субсидияланды.

«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру бойынша, Қор тұрғын үй құрылысымен айналысатын кәсіпкерлердің несиелерін субсидиялау арқылы жеке үй салушыларды ынталандыру бағытында жұмыстар жүргізуде. Ол бойынша үй алатын тұтынушы үшін әр шаршы метр құнын төмендетуге мүмкіндік береді. 2018 жылы Өңірлік үйлестіру кеңестері жалпы құны 28,4 млрд теңге болатын 41 жобаны несиелеуге шешім шығарды.

Маңғыстау өңірінің кәсіпкерлері өз жобаларын жүзеге асыру үшін Маңғыстау облысы әкімшілігі, Даму қоры және корпоративті бизнестің әріптестігі есебінен несие алып, субсидияның арқасында несиенің жылдық мөлшерлемесін 1% жеңілдікпен алды. Аталған жоба теңдессіз болып саналады және шағын және орта бизнес үшін барынша тиімді жағдай жасап берді. Жалпы құны 818,87 млн теңге болатын 42 жоба мақұлданды. Мақұлданған жобалар бойынша жаңа 410 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

2018 жылы Қор халықаралық қаржы ұйымдарынан жеңілдікті қаржы тартуды жалғастырды. 2018 жылы 67,1 млрд теңге тартылды. Біздің біраз жылғы әріптестеріміз – Азия даму банкі мен Еуропа қайта құру және даму банкі 2018 жылы Қазақстандағы әйелдер бизнесін, микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін 34,1 млрд теңге бөлді.

Оған қоса, Үкіметтің, БҰҰДБ және ЖЭҚ-тың «Төмен көміртектегі дамуға арналған орнықты қалалар» бірлескен жобасын жүзеге асыру аясында ЖЭҚ-тың 3,0 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі грантын тарту арқылы қала инфрақұрылымдарының энерготиімділігіне инвестиция салу ынталандыру механизмі жүзеге асырылуда. Қор оның аясында жобаларды субсидия беру мен кепілдендіру бойынша грант операторы қызметін атқарады. 2018 жылы жалпы құны 4,8 млрд теңге болатын 68 жобаны субсидиялауға шешім шықты.

Қор исламдық қаржыландыру механизмдерін енгізу жөніндегі жаңа бағытты қолға алды. Өткен жылы Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясымен (ICD) бірге құны 40 млн АҚШ долларына дейінгі қаржы тарту талаптарының алғышарттары жасалынды. Бұл қаржыны ислам қаржы құралдары арқылы шағын және орта бизнесті дамытуға бағыттау жоспарланған.

2019 жылы Қор дамудың мынадай бірнеше стратегиялық бағыттарын белгіледі: шағын және орта бизнестің белсенді жұмыс істеп тұрған субъектілерінің санын арттыруға ықпал ету, несие технологияларын кезеңмен енгізу, оларды цифрландыруды қоса отырып, микрокәсіпорындар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында бағдарламалар талаптарын оңтайландыру. Осылайша микрокәсіпорындарға микроқаржы ұйымдарының тікелей қаржыландыруына қолдау көрсету үшін Қордың ұйымдық құрылымы қайта қаралып, Апекс департаменті құрылды. Апекс департаментінің негізгі міндеттері – микроқаржы ұйымдары арқылы микро және шағын бизнеске қаржыны тиімді жолмен жеткізу және микроқаржы ұйымдарын қорландыру құралдарын ұлғайту.

Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен теңгенің ұзақ мерзімді өтімділігін қамтамасыз ету үшін қарапайым заттар экономикасы бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Қор қаржы агенттігі ретінде жұмыс істейтін болады.

Оған қоса Қор микро-, шағын және орта бизнесті қаржыландырудың қосымша үкіметтік емес көздерін тартуды мақсат етеді. Болуы мүмкін үкіметтік емес қаржыландыру көздері қатарында халықаралық қаржы институттарының несиелері, облигациялар шығару арқылы қорландыру, сондай-ақ корпоративті бизнес қаржылары бар. Қордың тұрақты институционалды дамуына бизнес-процестерді автоматтандыру, корпоративті басқару деңгейін көтеру мен жұмыстың жоспарланған қаржылық нәтижелерін игеру арқылы жетуге болады.

Жоғарыда айтылған жайттарды қорытындылай келе, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ұжымының Қазақстандағы шағын және орта бизнестің үлесін арттыру және кәсіпкерлік әлеуетін көтеруге арналған бизнесті қолдаудың барынша тиімді әдістерімен қолдау көрсету жөніндегі кәсіби жұмысын одан әрі жалғастыратынын атап айтқым келеді. Сондай-ақ Қор бірлескен тиімді жұмыс үшін әріптестер мен барлық мүдделі тараптарға өз ризашылығын білдіреді. 2019 жылы біз бірлесе отырып, отандық бизнесті одан әрі дамыту бойынша алдымызға қойған міндеттерді жүзеге асыратындығымызға сенімдімін.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Басқарма төрайымы
Бурибаева Г.А.**

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ҚАРҚЫНЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ



2018 жылы Қазақстан экономикасы өсу қарқынын сақтап қалды: ЖІӨ 4,1%-ке өсті. Осы тұрғыда ШОБ секторында өнім шығару өсімі байқалды. Дегенмен, ШОБ-та заңды тұлғалардың артуы және жеке кәсіпкерлердің қысқаруына байланысты субъектілер санының институциялық құрылымының өзгеру процестері жалғасып жатыр:

- 2018 жыл ішінде әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 8,3%-ға қысқарды және жылдың соңына 1 241 мың бірлікті құрады. Тіркелгендердің арасында ШОК әрекет етуші субъектілерінің үлесі 78,7% деңгейінде бағаланады, бұл 2017 жылдың көрсеткіштерінен 4,3 пайыздық шекке төмен.
- Ұйымдық - құқықтық нысандар бойынша ШОК субъектілерінің құрылымында заңды тұлға нысанындағы ШОК кәсіпорындарының саны 22,6 мың бірлікке артты. Олардың жалпы ШОК субъектілерінің құрылымындағы үлес салмағы 19% дейін өскен. Бұл шағын бизнестің жаңа заңды тұлғаларын құру есебінен де, және де жеке кәсіпкерлерді ЖШС ретінде қайта тіркеу есебінен де шағын бизнестің сапалы институционалдық дамуы туралы куәландыруы мүмкін.
- Бір жыл ішінде ШОК жұмыс істейтіндердің саны 2,4%-ға өскен және 01.01.2019 ж. 3 268 мың адамды құрайды. 01.01.2019 жылға еліміз бойынша жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санындағы ШОК жұмыс істейтін халықтың үлес салмағы 37,6% құраған.
- 2018 жыл үшін ШОК субъектілерімен өнім шығару 26,4 трлн теңгеден асқан. Өнім өндірісі нақты көрсеткішінде бір жыл ішінде 7,5%-ға өсті, бұл ЖІӨ жалпы өсу деңгейінен жоғары. Соның салдарынан, 2018 жылдың қорытындысы бойынша еліміздің ЖІӨ-дегі ШОБ-тың ЖҚҚ үлесі 28,3% деңгейінде бағаланып отыр, бұл 2017 жылғы көрсеткішке қарағанда 2,7 пайыздық пунктке жоғары.


- Шағын кәсіпорындардан КТС бойынша түсімдер 2018 жылдың төрт тоқсаны үшін мәліметтер бойынша 840 млрд теңгені құрады. Осылайша, олардың КТС түсімдерінің жалпы сомасындағы үлесі 26,6% жеткен, 2017 жылмен салыстырғанда өсім 33,5%, 2016 жылы – 71% құрады.

- Өткен жылы микро-, шағын және орта кәсіпкерлікке берілген несиелер сомасы 4,6 трлн теңгені құрап, бірақ экономиканың жалпы несиелендіруден өсу қарқыны бойынша артта қалып отыр. Соның нәтижесінде экономикадағы несиелердің жалпы сомасындағы олардың үлесі 33,0% деңгейінде болды.

- Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін берілген несиелер саны 2018 жылы 81 мың бірлікке жетті, өткен жылға қатысты өсім 9,6% құрады.


- ШОК секторының салалық құрылымында бес негізгі көрсеткіштер бойынша 2010 жылдан бері екі негізгі беталыс бақыланады. Біріншіден, барлық көрсеткіштер бойынша қызмет көрсету саласының үлес салмағы өсіп отыр: субъектілердің санында – 20% дан 29% дейін, жұмыс істейтіндердің санында – 22% дан 32% дейін, өнім шығаруда – 21% дан 23% дейін және КТС түсімдерінде – 19% дан 20% дейін. Екіншіден, ауыл шаруашылығында құлдырау байқалады: кәсіпорындардың саны мен жұмыс істейтіндердің санында үлес салмақ едәуір қысқарған. Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары бойынша абсолютті мәндерде өсім байқалады (2010 жылдан бастап субъектілердің саны 2,1 есе өскен, жұмыс істейтіндердің саны – 19%-ға, өнім шығару – 3,1 есеге, КТС түсімдері – 4,5 есеге, несиелер – 3 есеге).

Тіркелген ШОК және ЖКС субъектілер санының динамикасы




- █ Тіркелген ЖКС, мың бірл. теңге
- █ Тіркелген ШОК субъектілері, мың бірл.
- ШОК субъектілерінің үлесі, %

Әрекет етуші ШОК және ЖКС субъектілері санының динамикасы




- █ Әрекет етуші ЖКС, мың бірлік
- █ Әрекет етуші ШОК субъектілері, мың бірл.
- ШОК субъектілерінің үлесі, %

Ұйымдық-құқықтық нысандар тұрғысынан ШОК субъектілерінің құрылымы (%)




- █ ЗТ КК
- █ ЖК
- █ ФШҚ
- █ ЗТ

Ұйымдық-құқықтық нысандар тұрғысынан ШОК субъектілерінің құрылымы (мың бірл.)




- █ ЗТ КК
- █ ЖК
- █ ФШҚ
- █ ЗТ ОК


Елдің жұмыспен қамтылған халқының жалпы санындағы ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі




Банктер берген несиелер, мың бірл.



ЖІӨ ШОК салымы




КТС түсімдерінің жалпы сомасындағы шағын кәсіпорындардың КТС үлесі




ЕДБ берілген несиелердің қарқыны (кезең үшін)



2018 жылғы ЖАӨ, трлн теңге (барлығы: 59,614 трлн теңге)



ЕДБ несиелік қоржынының қарқыны (қорланыммен)



2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙМАҚТАРЫНДА ШОК ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРУ



2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның аймақтарының ШОК секторының қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша рейтингтері келесі түрде қалыптасты:

- ШОК әрекет ететін субъектілерінің саны бойынша 2018 жылдың аяғында Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары, сондай-ақ Түркістан облысы көшбасшы орында. Жиынтықта бұл аймақтарға еліміздің барлық ШОК субъектілерінің 48% сәйкес келеді. ШОК әрекет етуші субъектілерінің неғұрлым аз саны Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарына сәйкес келеді;

- ШОК әрекет ететін субъектілерінің ШОК тіркелген субъектілерінің жалпы санындағы үлесі бойынша Түркістан, Маңғыстау және Қызылорда облыстары бірінші орындарды алды. Жалпы 15 аймақ ШОК субъектілерінің республикалықтан жоғары белсенділік деңгейіне ие (78,7% астам);

- Шетелдік қатысумен немесе шетелдік меншіктегі тіркелген кәсіпорындардың санының ең көп шоғырлануы Алматы қаласына сәйкес келеді: мұндай кәсіпорындардың үлесі қаланың шағын және орта кәсіпорындарының жалпы санынан 13,6% құрайды. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан облысында шетелдік қатысумен кәсіпорындардың үлесі 8,7% құрайды және жалпы республикалық деңгейден асады (8,5%);

- Гендерлік аспектіге Қарағанды облысы әйелдер басқаратын ШОК субъектілерінің үлесі жартысынан асқан (44,3%) алғашқы аймақ болып отыр. Сондай-ақ әйел-кәсіпкерлердің жоғары үлесімен аймақтарға Қостанай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары жатады.

- 2019 жылдың 1 қаңтарында ШОК-пен айналысатындардың жалпы саны бір жыл ішінде 2,4%-ға артып, 3 268 мың адамды құрады. Оның ішінде қысқару 2 аймақты қамтыды. ШОК жұмыс істейтін халықты аймақтық бөлу біркелкі емес. Алматы қ., Нұр-Сұлтан қ., Алматы, Қарағанды

және Шығыс Қазақстан облыстарында адамдардың неғұрлым көп саны ШОК жұмыспен қамтылған;

- 2018 жыл үшін Қазақстанның барлық ШОК секторының өнім шығару көлемі 26 490 млрд теңгені құрады. Аймақтық тұрғыдан өнім шығаруға неғұрлым көп салым салуды Алматы (7 070 млрд теңге) және Нұр-Сұлтан (4984 млрд теңге) қалаларының ШОК субъектілері жүзеге асырып отыр, олардың шығару көлемі еліміздің ШОК жалпы өнім шығарудың 46% құрайды;


- 2018 жылдың төрт тоқсаны ішінде шағын кәсіпкерлермен төленген КТС жалпы сомасы 840 млрд теңгені құрады. Төлем сомалары бойынша көшбасшылар Атырау облысы, Нұр-Сұлтан қ., Батыс Қазақстан облысы және Алматы қ., болып отыр. Олардың шағын кәсіпорындары еліміздің шағын кәсіпорындарының КТС барлық түсімдерінен 83% астам төлеген;

- 01.01.2019 жылғы жағдай бойынша шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ жиынтықты қарыз қоржынының мөлшері 2 364 млрд теңгені құрады. Банктермен шағын бизнеске несие берудің аймақтық құрылымында үстем орынды Алматы қаласы алады – 1 219,7 млрд теңге немесе еліміз бойынша шағын бизнеске несиелердің 52%. Қарыз қоржынының мөлшері бойынша екінші орынды Нұр-Сұлтан қаласы алады (386,3 млрд теңге). Екі қалаға шағын бизнес сегментіндегі барлық несиелердің 68% астам сәйкес келеді;

- Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларын есепке алмағанда, 2018 жылдың соңына облыс орталықтарынан тыс шағын кәсіпкерлікке несиелердің жиынтықты үлесі 7,5% құраған. Облыс орталықтарынан тыс Шығыс Қазақстан (31% несиелер), Павлодар (19%) және Қарағанды (18%) облыстарында кәсіпкерлерге неғұрлым белсенді несиелер берілген.


1.01.2019 ж. ШОК белсенді субъектілерінің саны, мың бірл.

Қазақстан бойынша: тіркелген ШОК субъектілері – 1 577,6 мың, тіркелген ШОК және ЖКС субъектілері – 1 638,7 мың




01.01.2019 ж. әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны, мың бірл.


Қазақстан бойынша: әрекет етуші ШОК субъектілері – 1 241,3 мың




01.01.2019 жылға тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы санындағы әрекет етуші ШОК субъектілерінің үлесі, %



Шетелдік қатысу мен ШОК үлесі (заңды тұлғалар бойынша деректердің негізінде)




Әйелдер басқаратын ШОК субъектілерінің аймақтар бойынша үлесі, %




01.01.2018 жылға аймақтық тұрғыдан ШОК жұмыс істейтіндердің саны, мың адам

Қазақстан бойынша: 3 267,8 мың адам




Аймақтар тұрғысынан 2018 жылы ШОКС өнім шығару, трлн теңге

Қазақстан бойынша: 26,490 трлн теңге




Өңірлер тұрғысында 2018 жылғы ШОК ЖАӨ және ЖҚҚ, млрд теңге

Қазақстан бойынша: ЖІӨ 59 613,7 млрд теңге,
ШОК ЖҚҚ 16 841,9 млрд теңге




АӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі, %




Аймақтар тұрғысынан 2018 жылғы шағын кәсіпорындардың КТС, млрд теңге

Қазақстан бойынша: 839,9 млрд теңге




01.01.2019 жылға аймақтық тұрғыдан шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қоржыны

Қазақстан бойынша: 2 363,9 млрд теңге



01.01.2019 жылға аймақтық тұрғыдан шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қоржыны



3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЙМАҚТАРЫНДА ШОК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ






НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 10,0% өскен, әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 28,0% өскен. Олардың үлесі 65,5% дан 76,9% дейін өскен.
- Салалық құрылымда қызмет көрсету (36,0%), сауда (33,0%) және құрылыс (11,0%) субъектілері басым түседі.
- ШОК жұмыспен қамтылған халықтың өскен. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 66,0% ден 68,9% дейін өскен.
- ШОК субъектілерінің өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 7,0%-ға төмендеген. ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі 54,4% дан 55,5% дейін өскен.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 3,0%-ға төмендеген. Олардың барлық мың адам кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындардағы үлесі 48,1% дан 36,6% дейін төмендеген.
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер қоржыны 10,7%-ға төмендеген. Оның жалпы экономикаға несиелер қоржынындағы үлесі 31,0% дан 25,1% дейін төмендеген.




1832 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН

1997 Ж. 10 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН БАСТАП – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ




*01.01.2019 ж.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Нұр-Сұлтан қ. белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Тіркелген ШОК субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы




Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Нұр-Сұлтан қ. ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі



Нұр-Сұлтан қ. ШОК өнім шығару серпіні және ЖАӨ



Нұр-Сұлтан қ. шағын кәсіпорындарының төленген КТС серпіні




Нұр-Сұлтан қ. экономикаға және шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қарыз қоржыны



Нұр-Сұлтан қ. «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

		Саны	Несиелердің сомасы	
НЕСИЕ БЕРУ	2017	257 жоба	9986 млн теңге	
	2018	437 жоба	23495 млн теңге	
СУБСИДИЯЛАУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Субсидиялардың сомасы
	2017	117 жоба	20613 млн теңге	3556 млн теңге
	2018	134 жоба	23971 млн теңге	4066 млн теңге
КЕПІЛДІК БЕРУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Кепілдіктердің сомасы
	2017	77 жоба	4221 млн теңге	1801 млн теңге
	2018	96 жоба	5966 млн теңге	1898 млн теңге


Кеңес беру



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 4,0% өскен, әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 3,0% өскен. Олардың үлесі 64,1% дан 63,6% дейін төмендеген.
- Салалық құрылымда қызмет көрсету (37,0%), сауда (36,0%), көлік және байланыс (7,0%) субъектілері басым түседі.
- ШОК жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,0% төмендеген. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 68,9% дан 63,6% дейін төмендеген.
- ШОК субъектілерінің өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 2,0%-ға өскен. ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі 35,3% дан 39,5% дейін өскен.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 7,0%-ға төмендеген. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындардағы үлесі 60,0% дан 56,4% дейін төмендеген.
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер қоржыны 6,3%-ға өскен. Оның жалпы экономикаға несиелер қоржынындағы үлесі 18,9% дан 15,8% дейін төмендеген.




1854 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН
1929 Ж. БАСТАП 1997 Ж. ДЕЙІН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ




*01.01.2019 г.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Алматы қ. белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Тіркелген ШОК субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы



Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Алматы қ. ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі



Алматы қ. ШОКС өнім шығару серпіні және ЖАӨ



Алматы қ. шағын кәсіпорындарының төленген КТС серпіні




Алматы қ. экономикаға және шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қарыз қоржыны



Алматы қ. «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

		Саны	Несиелердің сомасы	
НЕСИЕ БЕРУ	2017	237 жоба	12175 млн теңге	
	2018	982 жоба	44516 млн теңге	
СУБСИДИЯЛАУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Субсидиялардың сомасы
	2017	146 жоба	36243 млн теңге	4020 млн теңге
	2018	104 жоба	31239 млн теңге	5380 млн теңге
КЕПІЛДІК БЕРУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Кепілдіктердің сомасы
	2017	43 жоба	2392 млн теңге	812 млн теңге
	2018	70 жоба	4661 млн теңге	1751 млн теңге

Кеңес беру



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК


2018 ЖЫЛ ҮШІН ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 71,7 мың бірл. құрайды. Әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 58,1 мың бірл. құрап, олардың үлесі 81,0% құрайды;
- Салалық құрылымда сауда (41%) және қызмет көрсету (33,0%) субъектілері басым түседі;
- ШОК жұмыспен қамтылған халықтың саны 143,2 мың адамды құрайды. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 35,0% құрайды;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы 782,0 млрд теңгені құрайды;
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер қоржыны 80,4 млрд теңгені құрайды. Оның қала экономикасындағы несиелердің жалпы қоржынындағы үлесі 15,9% құрайды.



* 01.01.2019 ж.


12 ҒАСЫРДА ҚАЛЫПТАСҚАН



Шымкент қ. «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

		Саны	Несиелердің сомасы	
НЕСИЕ БЕРУ	2017	1965 жоба	9986 млн теңге	
	2018	1189 жоба	23495 млн теңге	
СУБСИДИЯЛАУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Субсидиялардың сомасы
	2017	133 жоба	21977 млн теңге	4336 млн теңге
	2018	18 жоба	3968 млн теңге	161 млн теңге
КЕПІЛДІК БЕРУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Кепілдіктердің сомасы
	2017	52 жоба	2098 млн теңге	611 млн теңге
	2018	23 жоба	1208 млн теңге	391 млн теңге

Кеңес беру



* 2017 жылғы деректер - жалпы ОҚО бойынша

■ Кеңестер
■ Сүйемелдеу

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны өзгермеген, әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 6,0% өскен. Олардың үлесі 74,7% дан 79,0% дейін өскен.
- Салалық құрылымда сауда (40,0%), қызмет көрсету (24,0%) және ауыл шаруашылығы (15,0%) субъектілері басым түседі.
- ШОК жұмыспен қамтылған халықтың саны 2,0% өскен. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 31,7% дан 32,4% дейін өскен.
- ШОК субъектілерінің өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 13,0%-ға өскен. ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі 25,1% дан 27,6% дейін өскен.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 52,0%-ға төмендеген. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындардағы үлесі 17,4% дан 8,0% дейін төмендеген.
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер қоржыны 46,0%-ға төмендеген. Оның жалпы экономикаға несиелер қоржынындағы үлесі 31,0% дан 19,3% дейін төмендеген.




1939 ЖЫЛЫ 14 ҚАЗАНДА ҚҰРЫЛҒАН




* 01.01.2019 ж.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Ақмола облысының белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Тіркелген ШОКС субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы




Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Ақмола облысының ШОКС жұмыспен қамтылғандардың үлесі



Ақмола облысының ШОКС өнім шығару серпіні және ЖАӨ



Ақмола облысының шағын кәсіпорындарының төленген КТС серпіні




Ақмола облысының экономикаға және шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қарыз қоржыны



Ақмола облысындағы «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

		Саны	Несиелердің сомасы	
НЕСИЕ БЕРУ	2017	244 жоба	4985 млн теңге	
	2018	360 жоба	9882 млн теңге	
СУБСИДИЯЛАУ	2017	Қолдау көрсетілді 99 жоба	Несиелердің сомасы 10278 млн теңге	Субсидиялардың сомасы 1377 млн теңге
	2018	82 жоба	12021 млн теңге	2103 млн теңге
КЕПІЛДІК БЕРУ	2017	Қолдау көрсетілді 62 жоба	Несиелердің сомасы 1864 млн теңге	Кепілдіктердің сомасы 903 млн теңге
	2018	62 жоба	2375 млн теңге	1001 млн теңге


Кеңес беру



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 4,0% өскен, әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 8,0% өскен. Олардың үлесі 79,5% дан 82,7% дейін өскен;
- Салалық құрылымда сауда (37,0%), қызмет көрсету (31,0%) және ауыл шаруашылығы (11,0%) субъектілері басым түседі;
- ШОК-пен айналысатын тұрғындар саны 1,0% өскен. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 33,6% дан 33,5% дейін төмендеген;
- ШОК субъектілерінің өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 16,0%-ға өскен. ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі 18,3% дан 19,7% дейін өскен.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 77,0%-ға өскен. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындардағы үлесі 5,5% дан 11,2% дейін өскен;
- Шағын кәсіпкерлікке арналған несиелер қоржыны 8,1% төмендеген. Оның жалпы экономикаға несиелер қоржынындағы үлесі 20,4% дан 18,2% дейін төмендеген.




1932 ЖЫЛЫ 10 НАУРЫЗ ҚҰРЫЛҒАН




* 01.01.2019 ж.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Ақтөбе облысының белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Тіркелген ШОКС субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы




Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Ақтөбе облысының ШОКС жұмыспен қамтылғандардың үлесі



Ақтөбе облысының ШОКС өнім шығару серпіні және ЖАӨ



Ақтөбе облысының шағын кәсіпорындарының төленген КТС серпіні




Ақтөбе облысының экономикаға және шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қарыз қоржыны



Ақтөбе облысындағы «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

НЕСИЕ БЕРУ	Жыл	Саны		Несиелердің сомасы			
		2017	2018	2017	2018		
	2017	347 жоба	4616 млн теңге				
	2018	492 жоба	11758 млн теңге				
СУБСИДИЯЛАУ	Жыл	Қолдау көрсетілді		Несиелердің сомасы		Субсидиялардың сомасы	
		2017	2018	2017	2018	2017	2018
	2017	99 жоба	10278 млн теңге	1377 млн теңге			
	2018	101 жоба	6911 млн теңге	1857 млн теңге			
КЕПІЛДІК БЕРУ	Жыл	Қолдау көрсетілді		Несиелердің сомасы		Кепілдіктердің сомасы	
		2017	2018	2017	2018	2017	2018
	2017	90 жоба	2108 млн теңге	962 млн теңге			
	2018	107 жоба	4413 млн теңге	1585 млн теңге			


Кеңес беру




АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны өзгермеген, әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 8,0% өскен. Олардың үлесі 77,0% дан 81,4% дейін өскен;
- Салалық құрылымда ауыл шаруашылығы (36,0%), сауда (29,0%) және қызмет көрсету (20,1%) субъектілері басым түседі;
- ШОК жұмыспен қамтылған халықтың саны 4,0% өскен. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 24,3% дан 24,9% дейін өскен;
- ШОК субъектілерінің өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 10,0 %-ға өскен. ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі 26,4% дан 27,3% дейін өскен;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 48,0%-ға төмендеген. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындардағы үлесі 32,4% дан 19,7% дейін төмендеген;
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер қоржыны 25,0%-ға өскен. Оның жалпы экономикаға несиелер қоржынындағы үлесі 10,9% дан 11,3% дейін өскен.




1932 ЖЫЛЫ 10 НАУРЫЗ ҚҰРЫЛҒАН




* 01.01.2019 ж.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Алматы облысының белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Тіркелген ШОКС субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы




Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Алматы облысының ШОКС жұмыспен қамтылғандардың үлесі



Алматы облысының ШОКС өнім шығару серпіні және ЖАӨ



Алматы облысының шағын кәсіпорындарының төленген КТС серпіні




Алматы облысының экономикаға және шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қарыз қоржыны



Алматы облысындағы «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

		Саны	Несиелердің сомасы	
НЕСИЕ БЕРУ	2017	810 жоба	3973 млн теңге	
	2018	3043 жоба	13890 млн теңге	
СУБСИДИЯЛАУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Субсидиялардың сомасы
	2017	137 жоба	26167 млн теңге	2822 млн теңге
	2018	146 жоба	11934 млн теңге	1993 млн теңге
КЕПІЛДІК БЕРУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Кепілдіктердің сомасы
	2017	58 жоба	2203 млн теңге	840 млн теңге
	2018	65 жоба	2684 млн теңге	1088 млн теңге


Кеңес беру




АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 3,0% өскен, әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 9,0% өскен. Олардың үлесі 77,7% дан 81,9% дейін өскен;
- Салалық құрылымда қызмет көрсету (37,0%), сауда (32,0%), көлік және байланыс (12,0%), субъектілері басым түседі;
- ШОК жұмыспен қамтылған халықтың саны 5,0% өскен. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 42,2% дан 42,6% дейін өскен;
- ШОК субъектілерінің өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 49,0 %-ға өскен. ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚК үлесі 16,8% дан 18,7% дейін өскен;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 45,0%-ға өскен. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындардағы үлесі 3,5% дан 14,9% дейін өскен;
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер қоржыны 5,0%-ға төмендеген. Оның жалпы экономикаға несиелер қоржынындағы үлесі 14,3% дан 11,4% дейін төмендеген.




1938 ЖЫЛЫ 15 ҚАҢТАР ҚҰРЫЛҒАН




* 01.01.2019 ж.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Атырау облысының белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Тіркелген ШОК субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы




Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Атырау облысының ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі



Атырау облысының ШОК өнім шығару серпіні және ЖАӨ



Атырау облысының шағын кәсіпорындарының төленген КТС серпіні




Атырау облысының экономикаға және шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қарыз қоржыны



Атырау облысындағы «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

		Саны	Несиелердің сомасы	
НЕСИЕ БЕРУ	2017	127 жоба	2821 млн теңге	
	2018	142 жоба	11189 млн теңге	
СУБСИДИЯЛАУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Субсидиялардың сомасы
	2017	174 жоба	10077 млн теңге	1643 млн теңге
	2018	165 жоба	22244 млн теңге	2156 млн теңге
КЕПІЛДІК БЕРУ		Қолдау көрсетілді	Несиелердің сомасы	Кепілдіктердің сомасы
	2017	89 жоба	2208 млн теңге	1027 млн теңге
	2018	110 жоба	3622 млн теңге	1526 млн теңге


Кеңес беру



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны өзгермеген, әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны 10,0% өскен. Олардың үлесі 71,9% дан 79,0% дейін өскен;
- Салалық құрылымда сауда (38,0%), қызмет көрсету (24,0%) және ауыл шаруашылығы (16,0%), субъектілері басым түседі;
- ШОК жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,0% өскен. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі 33,1% дан 33,8% дейін өскен;
- ШОК субъектілерінің өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 11,0%-ға төмендеген. ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі 15,2% дан 16,5% дейін өскен;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 35,0%-ға төмендеген. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындардағы үлесі 9,7% дан 6,9% дейін төмендеген;
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер қоржыны 12,0%-ға өскен. Оның жалпы экономикаға несиелер қоржынындағы үлесі 17,2% дан 16,0% дейін төмендеген.




1932 ЖЫЛЫ 10 НАУРЫЗ ҚҰРЫЛҒАН




* 01.01.2019 ж.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Шығыс Қазақстан облысының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі



Тіркелген ШОК субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы




Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Шығыс Қазақстан облысының ШОК жұмыспен қамтылғандардың үлесі



Шығыс Қазақстан облысының ШОКС өнім шығару серпіні және ЖАӨ



Шығыс Қазақстан облысының шағын кәсіпорындарының төленген КТС серпіні




Шығыс Қазақстан облысының экономикаға және шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша ЕДБ қарыз қоржыны



Шығыс Қазақстан облысындағы «Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері

Көрсеткіш	Жыл	«Даму» Қорының бағдарламаларының нәтижелері	
		Саны	Несиелердің сомасы
НЕСИЕ БЕРУ	2017	481 жоба	7642 млн теңге
	2018	767 жоба	22135 млн теңге
СУБСИДИЯЛАУ	2017	Қолдау көрсетілді: 186 жоба	Несиелердің сомасы: 12594 млн теңге
	2018	Қолдау көрсетілді: 115 жоба	Несиелердің сомасы: 7348 млн теңге
КЕПІЛДІК БЕРУ	2017	Қолдау көрсетілді: 84 жоба	Кепілдіктердің сомасы: 1040 млн теңге
	2018	Қолдау көрсетілді: 75 жоба	Кепілдіктердің сомасы: 771 млн теңге


Кеңес беру



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

Аймақтық тұрғыдан жас кәсіпкерлерді субсидиялау шарттарының неғұрлым көп санына Атырау облысы, Нұр-Сұлтан, Алматы қаласында, Ақтөбе облыстарында қол қойылған. Субсидияланатын несие қоржындарының көлемі бойынша Алматы, Нұр-Сұлтан қаласында, Шығыс Қазақстан облыстары, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облыстары жетекші орында.

Жас кәсіпкерлердің субсидияланатын жобаларының арасында тасымалдау және қоймаға жинау және өңдеу өнеркәсібінің секторының жобалары басым үлесті алады.

01.01.2019 жылға салалық тұрғыдан жас кәсіпкерлердің субсидияланатын жобаларының саны, бірл.




01.01.2019 жылға салалық тұрғыдан жас кәсіпкерлердің субсидияланатын жобалары бойынша несиелердің сомасы, млрд теңге




Қаржы институттары тұрғысынан жас кәсіпкерлердің жобаларын «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Банк ЦентрКредит» АҚ неғұрлым белсенді субсидиялаған. Субсидияланған жобалардың сомасы бойынша «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Цеснабанк» АҚ және «QAZAQ BANKI» АҚ жетекші орынды алады.

01.01.2019 жылға қаржы институттарының тұрғысынан жас кәсіпкерлердің субсидияланатын жобаларының саны, бірл.



01.01.2019 жылға қаржы институттарының тұрғысынан жас кәсіпкерлердің субсидияланатын жобалары бойынша несие сомасы, млрд теңге




1.3. Несиелерді ішінара кепілдендіру


Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері бойынша ішінара кепілдендіру Мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде жүзеге асырылады. Субсидиялау бойынша да, кепілдендіру бойынша да Қор Ұлттық экономика министрлігіне қаржы агенттігінің қызметін ұсынады.

2019 жылдың 1 қаңтарына Мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде несиелер бойынша 178 624 млн теңге сомасында 4 853 кепіл шарттарына қол қойылған, кепілдік сомасы 73 403 млн теңгені құрады. Соның ішінде 2018 жыл ішінде несиелер бойынша 48 665 млн теңге сомасында 1 191 кепілдік шарты жасалған, кепілдік сомасы 18 902 млн теңгені құрады.

01.01.2019 жылға аймақтар тұрғысынан кепілдендіру бойынша жобалардың саны, бірл.



01.01.2019 жылға аймақтар тұрғысынан кепілдендіру жобалары бойынша несиелердің сомасы, млн теңге




2019 жылдың 1 қаңтарына аймақтық тұрғыдан кепілдіктердің ең көп саны Ақтөбе облысы (388 жоба), Шығыс Қазақстан облысы (359 жоба), Нұр-Сұлтан қаласы (349 жоба) облыстарының кәсіпкерлеріне берілген.


Кепілдіктер бойынша несиелердің сомаларына қатысты Нұр-Сұлтан қаласы (18 023 млн теңге), Қостанай облысы (13 411 млн теңге) және Алматы қаласы (13 025 млн теңге) облыстары жетекші орында.

Қатысушылардың ұйымдық-құқықтық нысаны тұрғысынан кепілдендіру бойынша жобалардың 57% (2 751 жоба) жеке кәсіпкерлермен және 40% жобалар (1 935 жоба) – ЖШС нысанындағы кәсіпорындармен жасалған.

01.01.2019 жылға қатысушылардың ұйымдық-құқықтық нысаны тұрғысынан кепілдендіру бойынша жобалардың саны, бірл.




01.01.2019 жылға қатысушылардың ұйымдық-құқықтық нысаны тұрғысынан кепілдендірілетін жобалар бойынша несиелердің сомасы, млн теңге




Кепілдендірілетін жобалар бойынша несиелердің сомасы бойынша ЖШС нысанындағы кәсіпорындарға берілген жобалар алады.

Салалық тұрғыдан кепілдендірілетін жобалар экономиканың салалары бойынша жетекші орынды өңдеу өнеркәсібінің (60 496 млн теңге сомасында 1 520 жоба), тасымалдау және қоймаға жинау (20 374 млн теңге сомасында 942 жоба) жобалары алады.

01.01.2019 жылға экономикалық қызмет түрлері тұрғысынан кепілдендіру бойынша жобалардың саны, бірл.




01.01.2019 жылға экономикалық қызмет түрлері тұрғысынан кепілдендірілетін жобалар бойынша несиелердің сомасы, млн теңге




Сонымен бірге, соңғы 6 жыл ішінде Кепілдендіру бойынша бағдарламаның қатысушыларының ең төменгі белсенділігі «Ақпарат және байланыс» саласында байқалады.

01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан кепілдендіру бойынша жобалардың саны, бірл.



01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан кепілдендірілетін жобалар бойынша несиелердің сомасы, млн теңге




Қаржы институттары тұрғысынан несиелерді кепілдендіру бойынша «Қазақстанның Халық банкі» АҚ (45 452 млн теңге сомасында 1 229 жоба), «Сбербанк» АҚ ЕБ (38 225 млн теңге сомасында 1 028 жоба), және «Банк Центр Кредит» АҚ (25 034 млн теңге сомасында 896 жоба) жетекші орынды алады.

Кәсіпкер-әйелдердің қатысу статистикасы

Мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде несиелерді кепілдендіруді 48 510 млн теңге сомасында несиелер бойынша кәсіпкер-әйелдердің 1 638 жобасы алған, кепілдік сомасы 20 264 млн теңгені құраған.

01.01.2019 жылға аймақтық тұрғыдан кәсіпкер-әйелдердің кепілдендіру шарттарының саны, бірл.



01.01.2019 жылға аймақтық тұрғыдан кәсіпкер-әйелдердің қол қойылған кепілдендіру шарттары бойынша несие сомалары, млн теңге



Аймақтық тұрғыдан әйелдердің кепілдіктерінің ең көп санына Ақтөбе, Атырау, Қостанай облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылған. Кәсіпкер - әйелдердің қол қойылған кепілдік шарттары бойынша несиелердің ең көп саны Нұр-Сұлтан қаласында, Маңғыстау және Атырау облыстарында тіркелген.

01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан кәсіпкер-әйелдердің кепілдік шарттарының саны, бірл.




01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан кәсіпкер-әйелдердің қол қойылған кепілдік шарттары бойынша несие сомалары, млн теңге




Салалық тұрғыдан әйелдер негізінен сауда, өңдеу саласында, тасымалдау мен қоймаға жинау салаларында кепілдіктер алған. Әйелдердің қол қойылған кепілдендіру шарттары бойынша несие қоржынының сомасы бойынша өңдеу өнеркәсібі, сауда және білім беру сақтау салаларының жобалары басым түседі.

01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан кәсіпкер-әйелдердің кепілдік шарттарының саны, бірл.



01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан кәсіпкер-әйелдердің қол қойылған кепілдік шарттары бойынша несие сомалары, млн теңге



Қаржы институттары тұрғысынан әйелдерге берілген кепілдіктердің саны мен сомасы бойынша неғұрлым белсенділер – «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Банк ЦентрКредит» АҚ болып табылады.

Жас кәсіпкерлердің қатысу статистикасы


Мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде несиелерді кепілдендіруді 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлердің 874 жобалары несиелер бойынша 9 966 млн теңге сомасында алғанын атап өткен жөн, кепілдік сомасы 7 074 млн теңгені құрайды.

Аймақтық тұрғыдан жас кәсіпкерлердің кепілдерінің ең көп санына Атырау облысында, Нұр-Сұлтан қаласында және Ақтөбе облыстарында қол қойылған. Жастардың қол қойылған кепілдік шарттары бойынша несиелердің ең көп саны Атырау облысында, Нұр-Сұлтан қаласында және Ақтөбе облыстарында тіркелген.

01.01.2019 жылға аймақтық тұрғыдан жас кәсіпкерлердің кепілдендіру шарттарының саны, бірл.



01.01.2019 жылға аймақтық тұрғыдан жас кәсіпкерлердің қол қойылған кепілдендіру шарттары бойынша несиелердің сомасы, млн теңге



Жас кәсіпкерлерге қол қойылған кепілдіктердің арасында неғұрлым көп үлесті өңдеу өнеркәсібі және тасымалдау және қоймаға жинау саласындағы жобалар алады.

01.01.2019 жылға салалық тұрғыдан жас кәсіпкерлердің кепілдендіру шарттарының саны, бірл.




01.01.2019 жылға салалық тұрғыдан жас кәсіпкерлердің қол қойылған кепілдендіру шарттары бойынша несиелердің сомалары, млн теңге




Қаржы институттары тұрғысынан жас кәсіпкерлердің кепілдендіру шарттарының неғұрлым көп санына «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Қазақстанның Халық банкі» АҚ қол қойылған. Жастардың қол қойылған кепілдіктері бойынша несие қоржынының сомасы бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Қазақстанның Халық банкі» АҚ жетекші орында.

01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан жас кәсіпкерлердің кепілдендіру шарттарының саны, бірл.



01.01.2019 жылға қаржы институттары тұрғысынан жас кәсіпкерлердің қол қойылған кепілдендіру шарттары бойынша несиелердің сомасы, млн теңге



2. КЛИЕНТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

2018 жылы кәсіпкерлерге қызмет көрсету Орталықтарындағы (бұдан әрі – КҚКО) клиенттік қызмет көрсетуді жақсарту және Қор клиенттерінің санын арттыру мақсатында, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын сервистік қызметтермен функциялардың қайталануын болдырмау мақсатында, Қор КҚКО және кәсіпкерлікті қолдаудың Мобильді

орталықтарының жаңа тұжырымдамасын әзірлеп, оның шеңберінде КҚКО кеңесшілерінің функционалы өзгерді. Мәселен, жаңа тұжырымдамаға сәйкес КҚКО және кәсіпкерлікті қолдаудың Мобильді орталықтары кеңесшілерінің негізгі функционалдық міндеті Қор іске асыратын бағдарламалар бойынша қаржыландыру өтінімдерін ЕДБ, МҚҰ және/немесе ЛК-де мақұлдағанға дейін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жобасын сүйемелдеу болып табылады. 2018 жылы ЕДБ, МҚҰ және/немесе ЛК мақұлдауына дейін КҚКО кеңесшілері 6410 жобаны сүйемелдеді.

Ұсынылатын қызметтің сапасын арттыру шеңберінде КҚКО менеджерлерінің жұмыс үстелдерінде клиенттерге кеңес беру кезінде аудиобейне жазба жасауға және клиенттердің баға қою мүмкіндігін беретін CRM Sensor құрылғылары орнатылған. Бұл құрылғылар қызмет көрсету сапасын, клиенттің қанағаттануын бағалауға және қажет болған жағдайда – жазбалар бойынша кеңес беру барысын талдауға мүмкіндік береді. Осылайша, барлық кеңестер CRM Sensor планшетінде міндетті түрде бағалаумен аяқталады. 2018 жылы клиенттердің көрсетілген қызметтің сапасына қанағаттануы 99,5% құрады.

«Даму» Қорының 2014-2023 жылдарға арналған даму Стратегиясын іске асыру мақсатында Қордың корпоративтік сайтында Қор клиенттеріне көрсетілген қызметтердің сапасын бағалауға, клиенттерден ұсынымдар, пікірлер мен ұсыныстар алуға, қызмет жағдайын теріс пайдалану жағдайларын, алаяқтық жағдайларын анықтауға, сондай-ақ клиенттерге «онлайн» режимінде жедел кеңес беруге мүмкіндік беретін кері байланыс алу жүйесі енгізілді.

2.1. Агенттік желі

2018 жылы кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау құралдарын қолдана отырып, микро -, шағын және орта бизнес субъектілеріне несие бергені үшін серіктес банктер филиалдарының несиелік менеджерлерін/мамандарын материалдық ынталандыруға бағытталған «Екінші деңгейдегі банктер қызметкерлерінен тұратын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ агенттік желісі» жобасы әзірленді және енгізілді.

Жобаның шарттары бойынша мемлекеттік қолдау құралын әрбір қолданғаны үшін сома төленеді.

Сонымен қатар, Банк қызметкерлерін ынталандырудың осы нысанын қолдану Қор мен серіктес Банктер арасында жобаны іске асыру шеңберінде ынтымақтастық туралы Келісімдер жасалған жағдайда мүмкін болады.

2.2. Бизнесі жүргізуге сервистік қолдау көрсету қызметтерінің мониторингі және ШОК топ-менеджментін оқыту.

Әрекет етуші бизнесті жүргізуді сервистік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында кәсіпорындарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған және бизнес-процестерді қолдау бойынша мамандандырылған қызметтердің кең спектрін ұсыну кіреді, оның ішінде:

- бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізумен, сондай-ақ статистикалық есептемені жасаумен байланысты қызметтер;
- кеден рәсімдері бойынша қызметтер;
- кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамалар білдірген тұрғындардың өтініштерін қолдау;
- заңгерлік қызметтерді көрсету;
- маркетинг мәселелері бойынша қызметтер;
- ақпараттық технологияларға қызмет көрсету саласындағы кеңес беру;
- мемлекеттік сатып алулармен, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларымен байланысты қызметтер;
- мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласында кеңес беру.

Қазіргі уақытта барлық компаниялар штаттарында білікті заңгерлерді, маркетингтарды, сапа стандарттарын ендіру бойынша мамандарды және т.б. ұстау мүмкіндіктеріне ие емес. Кеңестер алу үшін немесе жеке бизнес-міндеттерді шешу үшін сырттан мамандарды (аутсорсинг) тартуға болады. Мұндай практика дамыған экономикасымен елдерде кеңінен қолданылады және салыстырмалы аз шығындармен компаниядағы бизнес-процестерді жақсартуға немесе жолға қоюға мүмкіндік береді. Сервистік қолдау жеке кәсіпкерліктің барлық субъектілеріне тегін ұсынылады. Аймақтарда сервистік қолдауды іске асыру бойынша барлық ақпарат Қордың сайтында орналастырылады және «Даму» Қорының Call-орталығының қызметкерлерімен беріледі.

2018 жылы Кәсіпкерлердің аймақтық палаталарының кеңес берушілерімен 42 845 ШОКС 58 233 сервистік қызмет көрсетілген.

«ШОБ топ-менеджментін оқыту» компоненті
«ШОК топ-менеджментін оқыту» Компоненті шеңберінде өзінің қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын ШОК кәсіпорындарының жоғары және орта буын басшыларын оқыту «Назарбаев Университеті» ДББҰ Жоғары бизнес мектебі базасында жүргізіледі.

Компонент шеңберінде білім беру бағдарламасының мазмұны «Назарбаев Университеті» ДББҰ академиялық серіктесі, корпоративтік тренингтік бағдарламаларды ұсынатын АҚШ-дағы Дьюк (Duke University) университетінің бөлімшесі – Duke Corporate Education-мен бірге арнайы әзірленген.

Бағдарлама 3 кезеңнен тұрады және келесі бөлімдерді қамтиды:

3 КҮН	• Күндізгі бизнес-курстар
1 АЙ	• Бизнес-жоспар жазу және тапсыру 1 бөлім: Нарықта іске асырылу жоспары
2 АЙ	• Бизнес-жоспар жазу және тапсыру. 2 бөлім • 3 онлайн семинар: кәсіпкерліктегі құқық мәселелері, капитал тарту және бизнес-жоспарды қалай таныстыру керек. Бағдарламаны аяқтау
БАҒДАРЛАМАЛАР	• Аяқтау сессиясы, бизнес-жоспарларды қорғау • Сертификаттар тапсыру рәсімі

Бірінші кезең: күндізгі бизнес-курстардан өту. Бірінші кезең шеңберінде «Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту» компонентінің барлық қатысушылары Нұр-Сұлтан қаласындағы «Назарбаев университеті» дербес білім ұйымының бизнес-мектебі базасында үш күндік күндізгі оқытудан өтеді.

Екінші кезең: Нарықта жүзеге асыру жоспары және онлайн-семинарлар

Күндізгі бизнес-курстар аяқталғаннан кейін, қатысушылар бір айдың ішінде жергілікті жерлерде кәсіпорындардың бизнес-жоспарының бірінші

бөлімін: Нарықта жүзеге асыру жоспарын әзірлейді. Келесі екі ай ішінде қазақстандық мамандардың қатысуымен тыңдаушылар үшін кәсіпкерліктегі құқық мәселелері, капитал тарту әдістері, табысты бизнес-жоспарды таныстыру тақырыптарында үш онлайн семинар ұйымдастырылады.

Үшінші кезең: Бизнес-жоспарды әзірлеу және қорғау

Курстың қалған кезеңінде қатысушылар кәсіпорындардың бизнес-жоспарларын өз беттерінше пысықтайды, «Назарбаев университеті» ДББ оларға ақпараттық-талдамалық қолдау көрсетеді.

Атап айтқанда, бизнес-жоспарды жазу кезінде көмек көрсетіп, жұмыстарын үйлестіреді, қатысушылар толық аяқтаған бизнес-жоспарларды бағалайды. Одан соң қатысушылар ағылшын тіліне өз беттерінше аударған бизнес-жоспарларын бағалату үшін Дьюк университетінің оқытушыларына электронды түрде жібереді.

01.01.2019 ж. жағдай бойынша «ШОК топ-менеджментін оқыту» компонентіне қатысушылар саны 2 949 адамды құрады, оның ішінде 2018 жылы 424 кәсіпкер оқытудан өтті.

2.3. Отандық кәсіпкерлікті сапалы дамыту үшін жағдай жасау

Кәсіпкерлердің құзырет орталықтарында кеңес беру.

2012-2014 жж. ішінде «Даму» Қорымен Кәсіпкерлердің құзырет орталықтарын құру бойынша жұмыстар жүргізілген:

- 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары облыс орталықтарында және Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей, Түркістан қалаларында,
- 14 Мобильді Кәсіпкерлікті қолдау орталықтары.

Мұндай орталықтарда кәсіпкерлер бизнесті жүргізу және ұйымдастыру мәселелері, мемлекеттік қолдау құралдары бойынша, сервистік қызмет көрсету, оның ішінде салықтық және кеден декларацияларын толтыру, статистикалық есептемені беру және т.б. мәселелері бойынша мемлекеттік қолдау құралдары бойынша тегін кеңес ала алады.

Ашылған сәтінен бастап 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары арқылы 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 298 мың ШОК субъектілері және жеке тұлғалар 473 мың консультациялар алған. Оның ішінде 2018 жылы 25 347 клиенттер 34 603 консультациялар алған

Бизнес-портал қызметтері

2013 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құрылған «Бизнес аумағы» (business.gov. Қазақстан кәсіпкерлеріне арналған жаңа бірыңғай

бизнес-портал жұмыс істеп келеді. Бизнес-портал — Қазақстанның кәсіпкерлеріне арналған бірыңғай ақпараттық алаң, оның шеңберінде ең үздік ақпараттық қорлар бизнес саласындағы ақпараттық өтініштің кез-келген деңгейін, яғни қарапайым қызығушылық білдіргендерден кәсіби мамандарға дейінгі тұлғаларды қанағаттандыруға қажет мүмкіндіктері шоғырланған. Бизнес-порталда қолжетімді түрде кәсіпкерлікті қолдаудың барлық іс-шаралары туралы ақпарат, жаңалықтар мен аналитикалық мақалалар, оқыту материалдары мен кейстері, маркетингтік зерттеулер мен шолулар, жоспарлар мен мемлекеттік ұйымдар мен ұлттық компаниялардағы сатып алулар туралы хабарламалар және т.с.с. жарияланады.

2018 жылдың ішінде бизнес-портал келесі нәтижелерге қол жеткізді: сайтты қарап шығу саны — 3 062 520 бірл., сайтқа кіргендердің саны — 1 664 628 бірл., онлайн және офлайн консультациялардың саны — 1 950 бірл.

Call-центр

2011 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан Call-орталық (1408 нөмірі бойынша – Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), ШОК қаржылай және қаржылай емес қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың шарттары мен сипаттамаларын түсіндіреді, қаржы операторлары өкілдерінің және кәсіпкерлік қызметті жүргізуге кедергі келтіретін басқа тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдарды қабылдайды.

2018 жылы Call-орталығы арқылы 130 678 клиенттерге қызмет көрсетілді.

Қашықтықтан оқыту

2017 жылы Қазақстанның өңірлеріндегі тұрғындардың кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыру және кәсіпкерліктен хабардарлығын көтеру, тұрғындарды кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларымен қамтуды кеңейту, оның ішінде кәсіпкерлерді Қордың қаржылық бағдарламаларына қатысуға тарту мақсатында, Қор қашықтықтан оқытатын интернет ресурсын іске қосты. 2018 жылы 7 219 адам мемлекеттік және орыс тілдерінде оқытылды.

5 ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ЖАҢА ҚҰРАЛДАРЫ

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы.

Еңбек нарығын дамыту және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдау мақсатында мемлекет Басшысы 2016 жылғы 9 қыркүйекте жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету міндетін қойды.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және еңбекақы төлеу саясатын жаңғырту, адам капиталының сапасын арттыру, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік қолдаудың атаулығын қамтамасыз ету «Қазақстан-2050» Стратегиясына және Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі Тұжырымдамасына сәйкес даму басымдықтары ретінде айқындалған.

Осыған байланысты «Еңбек» бағдарламасы еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби дағдылар мен біліктіліктерді алудың тиімді жүйесін құруға, жаппай кәсіпкерлікті дамытуға, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауды қоса алғанда, еңбек делдалдығының тиімді моделін құруға бағытталған.

«Еңбек» бағдарламасының мақсаты халықты жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту болып табылады.

«Еңбек» Бағдарламасының мақсаты мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін жұмыс келесі үш бағыт бойынша жүргізілетін болады:

- 1) Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету;
- 2) жаппай кәсіпкерлікті дамыту;
- 3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және

еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту.

«Даму» Қоры жаңа шағын кәсіпорындарды құру, ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің қызметін кеңейту үшін қалаларда, моноқалаларда (шағын қалалардан басқа) несие беру/микронесие беру жолымен қаржы агенті ретінде болып, «Еңбек» бағдарламасының негізгі орындаушыларының бірі болып табылады.

Қалалар мен моноқалалардағы несиелер/микронесиелер екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ), микронесие ұйымдары арқылы беріледі, оларды қорландыру «Даму» Қоры арқылы жүзеге асырылады.

«Еңбек» бағдарламасына қатысушыларға несиелер/микронесиелер беру шарттары:

- 1) несие/микронесие мерзімі – 5 жылға дейін, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар үшін несие/микронесие мерзімі – 7 жылға дейін;
- 2) несиенің/микронесиенің ең жоғары сомасы: қалаларда, моноқалаларда (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларынан басқа) – 6,5 мың АЕК-ке дейін; Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында - 8,0 мың АЕК-ке дейін;
- 3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 6 %-дан аспайды.

2018 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 қаулысымен бекітілген нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» Мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – «Еңбек» бағдарламасы) іске асыру жалғастырылды. «Еңбек» бағдарламасы аясында 2018 жылы ҚР 16 аймағы бойынша

13 948,9 млн теңге қарыз алынды, оның 13 941,4 млн теңгесі ЕДБ/МҚҰ орналастырылды.

Қарапайым заттардың экономикасы.

Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің 11.12.2018 ж. №820 Қаулысымен қолжетімді несиені беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету шеңберінде басым жобаларды несиелеу тетігі бекітілді.

ҚР Ұлттық Банкі өз қаражаты және оның басқаруындағы қаражат есебінен жылдық 11%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемелері бойынша 7 жылға дейінгі өтеу мерзімімен 600 миллиард теңгеге дейінгі сомаға ЕДБ облигацияларын сатып алуды жүзеге асырады. Әрбір ЕДБ үшін облигацияларды сатып алудың ең жоғары лимиті 70 миллиард теңгеден аспауы тиіс. Бұл ретте шағын және орта бизнес субъектілері іске асыратын жобаларды несиелендіруге кемінде 100 миллиард теңге бағытталатын болады. Осы мақсатта әрбір ЕДБ басым жобаларды несиелеу тетігімен белгіленген шарттарда берілген несиелердің жалпы көлемінің кемінде 17%-ы мөлшерінде ШОБ жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Осы жоба шеңберінде Қор жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері бойынша субсидияларды екінші деңгейдегі банктерге аудару бойынша қаржы агенттігі ретінде әрекет етеді.

2018 жылы «Даму» Қоры Еуропалық қайта құру және даму банкімен, жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясымен және Еуропалық инвестициялық банкімен, Азия даму банкімен жалпы сомасы 130 млрд теңгеге дейін қарыз тарту туралы келіссөздерді жалғастырды. Бұл ретте қарыз қаражаты ШОК жобаларын одан әрі несиелеу үшін екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарында орналастырылатын болады. Тартылған қаражатты пайдалана отырып, микро-, шағын және орта бизнесті, кәсіпкер - әйелдерді және ШОК «жасыл» (энергия тиімді) жобаларын қолдауды қоса

алғанда, бірқатар мақсатты бағдарламалар іске асырылатын болады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тартудан басқа «Даму» Қоры экономикалық даму ерекшелігіне байланысты өңірлердегі нүктелік бағдарламаларға жергілікті атқарушы органдардың қаражатын тарту жөніндегі жұмыстарды белсенді жүргізуде. 2018 жылы Қор мен ЖАО 7,56 млрд теңге сомасына қаражат пулын құрған (3,07 млрд теңге – ЖАО қаражаты, 4,49 млрд теңге – Қор қаражаты).

2018 жылы Қор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде көлемі 150,0 млрд теңгені құрайтын бірінші облигациялық бағдарламаны тіркеген. Оның шеңберінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында 16,0 млрд теңге сомасындағы облигациялардың бірінші шығарылымы жүзеге асырылды.

2018 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидиялау құралы бойынша барлық өзгерістер шағын және орта бизнес үшін бағдарламаның шарттарын жақсартуға, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған. Атап айтқанда:

- субсидиялауға жататын сыйақының шекті мөлшерлемесін есептеу белгіленген: ҚР ҰБ базалық ставкасы + 5% (ЕДБ орташа маржасы);
- несиенің/лизингтің ең жоғары сомасы 4,5 млрд теңгеден 2,5 млрд теңгеге дейін төмендетілді және Бағдарлама шеңберінде ірі кәсіпкерлік субъектілері-қатысушылары алынып тасталды;
- субсидиялау мерзімін одан әрі ұзартпай субсидиялау мерзімі 5 жылға дейін ұлғайтылды;
- «БЖК 2020» Мемлекеттік бағдарламасының атауы «БЖК 2020» Мемлекеттік бағдарламасына өзгертілді;
- Өңірлік үйлестіру кеңестерінің қатысуынсыз жобаларды қараудың бірыңғай тәртібі мен тетігі белгіленген. Бұл функцияны қазіргі уақытта «Даму» Қоры жүзеге асырады;

· «Қолжетімді несие беру міндеттерін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 11.12.2018 ж. №820 қаулысына сәйкес Қордың тиісті бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тәртібі қарастырылған.

2018 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы және нәтижелі жұмыспен қамту мен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қоржындық кепілдік беру әдісі енгізілді.

Қоржындық кепілдік беру - бұл Қор белгілеген лимит шеңберінде кәсіпкерлерге кепілдік беру нысаны, оның шегінде екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі – ЕДБ) қормен келісудің қосымша рәсімдерінсіз кепілдік беру туралы дербес шешім қабылдауға құқылы.

Қоржындық кепілдік беру рәсімі мынадай:

- 1) ЕДБ ішкі құжаттарда белгіленген рәсімге сәйкес кәсіпкердің өтінішін дербес қарайды, қарыз алушының және жобаның кешенді сараптамасын (қаржылық жай-күйі, кепілді қамтамасыз ету) жүргізеді;
- 2) ЕДБ Қор кепілдігімен кредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда Қорға банктік қарыз шартының көшірмелерін жібереді.;
- 3) Қор ЕДБ жіберетін кепілдік шартын рәсімдейді және қол қояды;
- 4) ЕДБ кепілдік шартына қол қояды, оған кәсіпкердің қол қойуын қамтамасыз етеді және қол қойылған кепілдік шартын Қорға жібереді.

Осы кепілдік беру нысанын қолдану Қор мен ЕДБ арасында қоржындық кепілдік беру туралы Келісім жасалған жағдайда мүмкін болады, оның шеңберінде ықтимал кепілдік беру лимиті, мерзімі мен шарттары белгіленеді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына кепілдік беру құралы бойынша кепілдіктерді алу процесін

жеңілдететін және шарттарды едәуір жақсартатын келесі өзгерістер енгізілді:

- 1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарттар шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша салалық шектеулер алынып тасталды;
- 2) кепілдікті бекіту процесінен Өңірлік үйлестіру кеңесі алып тасталды;
- 3) кепілдікті төменде көрсетілген әдістердің бірі бойынша алуға болады:
 - ЕДБ шешім қабылдағаннан кейін;
 - ЕДБ-ге өтініш білдіргенге дейін, яғни алдымен кәсіпкер кепілдік беру туралы Қордың шешімін алады, кейін ЕДБ-ге несие алу үшін өтініш береді;
 - қоржындық кепілдендіру шеңберінде Қор мен ЕДБ арасында Келісімге қол қойылады, оның шеңберінде ЕДБ несиелерге дербес кепілдік беруге лимитін белгілейді;
- 4) сыйақы ставкасы бөлігінде оның тіркелу күнін нақтылайтын түзетулер енгізілді: «Кепілдік беру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық сыйақы ставкасынан аспайтын, кәсіпкердің жобасы бойынша банк шешім қабылдаған күнде 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған номиналды сыйақы ставкасы бар несиелер бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін»;
- 5) несие сомасына қарамастан барлық кәсіпкерлер «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы кепілдік алуға электрондық өтінім бере алады;
- 6) жеке кәсіпкердің тіркелуін растайтын құжат нысаны нақтыланды.

2018 жылы Қор өзінің стратегиялық міндеттерін орындау мақсатында қаражатты орналастыруға негізделген құралы шеңберінде жаңа бағдарламаларды енгізуді, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау құралдарын жетілдіруді, МШОБ субъектілерінің жеңілдікті ресурстарға қол жеткізуін оңайлатуды, Қордың өнім желісін кеңейтуді, оның ішінде мемлекеттік емес көздер есебінен, баламалы қаржы құралдарын дамытуды жоспарлады.

Жыл ішінде микро/шағын бизнес кәсіпорындарының Қор бағдарламаларына барынша қол жеткізуін

қамтамасыз ету және Қордың несие қоржынының тәуекелдерін әртараптандыру үшін қаражатты шартты орналастыру бағдарламаларының шарттарын оңтайландыру жөніндегі Қордың жұмысы шеңберінде қаражатты шартты орналастырудың белсенді бағдарламалары қайта бағдарланды:

- 1) «Даму - Өңірлер 3» бағдарламасы ШОК субъектілерінің қарыздарын қайта қаржыландыру бойынша шектеулерді және экономиканың басым салаларының тізбесіндегі шектеулерді алып тастау, ЕДБ мен ШОК субъектілеріне сыйақы ставкасын тұрақты түрінен өзгермелі түрге ауыстыру;
- 2) нысаналы сегментті кеңейту және қарыз мерзімін ұлғайту бөлігінде «Даму-Микро» бағдарламасы;
- 3) микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерін нысаналы топтан бөлу және оларды қаржыландырудың өзге де шарттарын айқындау бөлігінде «Даму-Лизинг» бағдарламасы;
- 4) әрекет етуші кәсіпкерлерді нысаналы топқа қосу, МШОК субъектілері үшін жұмыс орындарын құру туралы шарттарды алып тастау бөлігінде нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы.

2018 жылы қаражатты шартты орналастырудың екі жаңа бағдарламасы басталды:

- электрондық коммерция, цифрлық платформалар және олардың экожүйелері саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен несие беру үшін екінші деңгейдегі банктерді қаржыландыру, бағдарлама электрондық сауда алаңдарын дамыту есебінен электрондық коммерцияны дамытуды одан әрі жүйелі қолдауға бағытталған;
- микро -, шағын бизнес секторын қаржыландыру көлемін ұлғайту мақсатында микро-және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен несие беру үшін несиелік серіктестіктерді қаржыландыру. Бұдан басқа, даму Стратегиясын іске асыру мақсатында Қор микроқаржылық сектордың көшбасшысын «КМФ микроқаржылық ұйымы» ЖШС-ін тартты, Жобаны Дамыту Азия Банкімен бірлесіп, Қазақстан Республи-

касының микро -, шағын және орта кәсіпорындарын қаржыландырудың тұрақтылығына жәрдемдесу жобасының қатысушысы болды. «КМФ микроқаржылық ұйымы» ЖШС-мен ынтымақтастық шеңберінде Қор ресурстарына, оның ішінде Қор тартқан ресурстарға қол жеткізуді кеңейтуді, ауыл өңірлерін қоса алғанда, Қордың микробизнес өкілдерінің Қордың бағдарламаларын қамтуды арттыруды жоспарлап отыр. Бұдан басқа, 2018 жылы Қор 2019 жылы іске асыруды жоспарлап отырған «Исламдық қаржыландыру» қағидаттарына сәйкес ШОК субъектілерін қаржыландыру бойынша құралды іске асыруға байланысты барлық дайындық жұмыстарын жүргізді: жеке секторды дамыту бойынша Ислам корпорациясынан (Islamic Corporation for the Development of the Private Sector) 40 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат тарту келісілді, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен құралды іске асыру тетігі анықталды, оның ішінде «Сукук» ислам облигациялары Холдингінің (АҚ ҚДБ - Лизинг) еншілес ұйымын (-дарын) шығару арқылы жүзеге асыру, сондай-ақ Қор белгілеген шарттармен ШОК субъектілерінің жобаларын қаржыландыруды жүзеге асыратын операторлар анықталды. Құралды іске асыру Қазақстандағы исламдық қаржыландырудың тетіктері мен құралдарын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 30 наурыздағы №35-ө өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған жұмыс Жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған жұмыс Жоспарының орындалуын бақылауды Бекітудің 117-тармағын орындау үшін, сондай-ақ микронесие беруді дамыту бойынша шаралар қабылдау мақсатында, 2018 жылдың қараша айында Қор базасында Апекстік департамент құрылған. Оның қызметі Қордың өз қаражаты есебінен және/немесе Қазақстандағы қаржы ұйымдарының кредиттік желілерін тарту есебінен МҚҰ-ны институционалдық дамытуға және қаржыландыруға бағытталған.

ГЛОССАРИЙ

1. Кәсіпкер – өз қызметін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асыратын шағын және (немесе) орта кәсіпкерлік субъектісі
2. ШОБ – шағын және орта бизнес
3. ШОК – шағын және орта кәсіпкерлік
4. ШОКС-шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
5. МШОК – микро -, шағын және орта кәсіпкерлік
6. ЕДБ – Екінші деңгейдегі банк
7. ЖАО – жергілікті атқарушы органдар
8. ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
9. КТС – корпоративтік табыс салығы
10. ЖҚҚ – жалпы қосылған құн
11. ЖАӨ – жалпы аймақ өнім
12. ЖІӨ – жалпы ішкі өнім
13. МҚҰ – микроқаржы ұйымдары
14. ЛК – лизингтік компаниялар
15. КҚКО – қызмет көрсету орталығы
16. МБ – мемлекеттік бағдарлама
17. БЖК – Бизнесінің жол картасы
18. Субсидиялау шарты – қаржы агенттігі, банк/лизингтік компания және кәсіпкер арасында жасалатын үш жақты жазбаша келісім, оның шарттары бойынша қаржы агенттігі кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгі бойынша банк/лизингтік компания берген кәсіпкердің несиесі/лизингі бойынша сыйақы ставкасын ішінара субсидиялайды
19. Кепілдік беру – Бағдарлама талаптарымен және кепілдік шартына сәйкес кәсіпкердің несиесі бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде ішінара кепілдік беру түрінде пайдаланылатын кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау нысаны
20. Қаражатты шартты орналастыру бағдарламасы (ШОБ) – Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру құралдарының бірі. Ол кейіннен ШОК субъектілеріне несиені беру үшін Қордың екінші деңгейдегі банктерге белгілі (нысаналы және шектеу) шарттарда қаржы ресурстарын (қорландыру) беру жолымен іске асырылады. Бұл ретте серіктес банктермен жұмыс істеудің негізгі қағидаттарының бірі Қор тарапынан олардың ішкі процедураларына және несиелік процеске араласпау саясаты, сондай-ақ қабылданған шешімдердің тәуекелдері үшін олардың толық жауапкершілігі болып табылады

Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Гоголь к-сі, 111

тел.: +7 (727) 244-55-66

e-mail: info@fund.kz

Қордың сайты: www.damu.kz

Call-центр: 1408

(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

